Памятники археологии Павлодарского Прииртышья стали изучаться со второй четверти 18 в., когда Российская Академия наук организовала экспедиции для обследования природы, истории и этнографии Сибири, чтобы «осветить историю дотоле неизвестных стран». Эпоха палеолита является одним из самых важных этапов в истории человечества, поскольку именно в этот период началось формирование общества, культуры и технологий, которые легли в основу дальнейшего развития цивилизации. Эпоха палеолита охватывает огромный временной отрезок, начиная с появления первых орудий труда около 2,5 миллионов лет назад и заканчивая приблизительно 12 тысячами лет назад. Исследование памятников палеолита позволяет нам глубже понять процесс эволюции человека, его быт, адаптацию к природным условиям, а также взаимоотношения с окружающей средой. Памятники этого времени являются уникальным источником информации о жизни наших предков и дают возможность восстановить их образ жизни через материальные остатки.

Павлодарская область занимает особое место в археологических исследованиях Казахстана благодаря большому количеству памятников древнейших эпох. Географическое положение региона, наличие рек Иртыш и Сарыарка. Здесь были обнаружены стоянки эпохи палеолита, которые свидетельствуют о том, что регион играл важную роль в миграциях и заселении древними людьми Центральной Азии. Павлодарская область стала важным звеном в понимании культурных связей между разными регионами, а исследования местных памятников оказывают большое влияние на археологическую науку как Казахстана, так и мира в целом.

Памятники палеолита в Павлодарской области являются ценным источником информации о жизни и быте древнего человека. Они позволяют:

- Восстановить образ жизни первых обитателей региона, их способы добычи пищи и адаптации к природным условиям.
- Понять, как развивались технологии обработки камня и кости, использование огня и жилищные конструкции.

Древнейший период истории Павлодарского Прииртышья относится к эпохе палеолита – древнекаменного века, который возможно изучать лишь по археологическим источникам. В регионе известно большое количество археологических памятников различных эпох от нижнего – древнего палеолита до позднего средневековья и нового времени [1, с.8]. Большая часть местонахождений этого района изучалась Б. Ж. Аубекеровым и А. Г. Медоевым. Самые древние, по А. Г. Медоеву, индустрии (леваллуа-ашель I) обнаружены на останцах наиболее высоких, четвертых террас озер Кудайколь и Карасор [2, с. 8]. В числе находок нуклеусы, бифасы, сколы. Древнейшим памятником каменного века можно считать местонахождение галечных орудий у с. Акку. Они происходят вместе с фауной позднеогенового периода из древнейших отложений иртышских террас, относящихся к так называемой подпуск лебяжинской свите, возраст которых по геологическим данным более 1,5 млн. лет [4, с. 20]. Одним из главных палеонтологических памятников Павлодарской области является «Гусиный перелёт», расположенный на берегу реки Иртыш в городе Павлодар. Этот объект представляет огромную ценность для изучения природной истории региона в доантропогенный период. Здесь были обнаружены останки более 60 видов животных, которые дают представление о климатических условиях эпохи неогена [1, с. 9]. На Памятник представляет большую научную и историческую ценность, с 1971 года он имеет статус памятника природы республиканского значения и входит в десятку известных во всем мире местонахождений гиппарионовой фауны (неогеновый период кайнозойской эры, 9–2 миллиона лет назад) [5].

Общая протяженность костеносного слоя – более 800 метров, общая площадь памятника – два гектара. Кости древних животных буквально высыпаются из обрывистого берега Иртыша, поэтому сохранение этого разрушающегося памятника очень важно не только для Павлодара, республики, но и для мировой науки. В большом количестве здесь были найдены кости маленькой трехпалой лошади гиппариона. Довольно многочисленны и останки древних безрогих носорогов-хилотериев [5]. Обнаружены

кости антилоп, газелей, древних слонов-мастодонтов, жирафов, страусов, черепах и многих других животных, характерных для современной Африки. Эти условия отличались от современных – климат был значительно теплее, что создавало возможности для развития древних экосистем при потеплении. А наиболее ранние следы человеческой культуры Павлодарского Прииртышья представлены большим количеством памятников каменного века, охватывающих все разделы эпохи от нижнего палеолита до энеолита. Самым древним из них, по праву можно считать недавно обнаруженное местонахождение галечных орудий у с. Лебяжье [1, с. 9]. Орудия более позднего периода – средней поры нижнего палеолита – уже давно известны на озере Маралды, в 60 км к востоку от Павлодара. Обнаружил их палеонтолог Л. Л. Гайдученко в начале 70-х годов. Материалы стоянок происходят из обнажений южного и юго-восточного берега оз. Маралды [4, с. 20].

На стоянке Экибастуз XVIII найдены шахты, в которых добывалось сырье для изготовления орудий, отходы производства, а также сотни заготовок нуклеусов и орудий для обмена [3, с. 15]. В этой связи нужно отметить, что наиболее последовательно изучены материалы стоянки-мастерской эпохи палеолита Экибастуз 20, расположенной в 1,5 км к юго-востоку от оз. Экибастуз, в зоне разработки угольных разрезов [4, с. 20]. Вся коллекция состоит из артефактов, поверхность которых представляет непрерывную цепь изменений, варьируясь от самых древних, заглаженных и выветренных до неузнаваемости предметов, до «свежих».

Еще одним памятником, где оказались подобные материалы, является стоянка, расположенная в 7 км к югу от станции Шидерты в Экибастузском районе, на левом берегу реки. Это – многослойная стоянка Шидерты 3 [4, с. 21]. На уровне третьих террас тех же озер, а также в долине р. Шидерты и на поверхности увалов и гряд междуречья Шидерты – Иртыш локализуются индустрии, определяемые в публикациях как леваллуа-ашель II. Материалы позднего палеолита – раннего мезолита выявлены здесь в нижнем культурном слое. Здесь исследована жилища поверхность стойбища древних охотников, на которой обнаружены остатки

округлого шалашеобразного жилища, фиксируемого по контуру каменной обкладки, производственные площадки и очаги, подобные тем, что были изучены на стоянке Ангресор 2 [4, с. 21].

На левобережье р. Ертис также выявлены памятники древнего человека, но открытого типа – стоянки Ангресор I, II, Экибастуз XV, стоянки-мастерские Экибастуз XVIII, XX, XXI, Акбидайык I, II (территория, подчиненная акимату г. Экибастуза), которые приурочены к выходам палеогеновых кварцитов, пригодных для изготовления орудий труда. Здесь найдены пики-триэдры, рубила с пяткой, чопперовидные сечки, овальные бифасы, скобели и крупные отщепы. Предварительно эти орудия можно датировать ранним ашелем. К среднему и позднему ашелю относятся отщепы с признаками вторичной обработки и искусственного рассечения, скребла, ножи, выемчатые орудия, дисковидные и площадочные нуклеусы [3, с. 15]. Две древние верхнепалеолитические стоянки с культурным слоем расположены в 20 км к Ю. от Экибастуза, на бер. оз. Ангресор. На стоянке Ангресор 2 найдены жилые площадки с обилием каменных орудий, остатками очагов и осколками костей. Для индустрии характерны торцовые и клиновидные нуклеусы для пластинок, пластинки и резцы из них, скребло и другие орудия. Аналогичные материалы были обнаружены в аллювиальных отложениях древнего ручья на разрушенной стоянке Экибастуз 15, для материалов которой характерны торцовые и конические нуклеусы, скребки из отщепов, орудия из рассеченных отщепов и пластин, неправильные ножевидные пластины, сечения пластин и орудия из них, крупные зубчато-выемчатые скребла и другие орудия [4, с. 21].

М. Н. Клапчук определяет памятник, названный им Таскудук I [Клапчук, 1969а], как позднепалеолитическую мастерскую, хотя, судя по перечню находок, индустрия может быть и более древней. Два местонахождения подъемного материала (Маралды 1-2), частично относимого к раннему палеолиту, известно на озере Маралды 60 км к востоку от Павлодара. Эти находки охарактеризованы лишь в самых общих чертах [2, с. 9]. На площади 260 кв. м исследована жилая поверхность стойбища

древних охотников, на которой обнаружены остатки округлого шалашеобразного жилища, фиксируемого по контуру каменной обкладки, производственные площадки и очаги, подобные тем, что были изучены на стоянке Ангресор 2. На этих площадках проводились операции по изготовлению каменных орудий.

Можно выделить два различных типа памятников: охотничьи лагеря и стоянки-мастерские, которые отражают основные особенности хозяйственной деятельности палеолитического населения Павлодарского Прииртышья. По-видимому, существовали общины, которые специализировались на различной деятельности: одни занимались производством каменных орудий, другие – охотой и обменивались между собой результатами труда. На такую мысль наталкивают огромные площади стоянок-мастерских выявленных на Старом Экибастузе [2 с. 16].

На территории Павлодарской области тоже имеются немалочисленные памятники первобытного искусства, это петроглифы, выбитые или процарапанные на камне. Один из таких памятников, получивший собственное имя «Олентинские писаницы», широко известен, он расположен на правом берегу речки Оленты, в 5 км к юго-западу от совхоза «Олентинский». Другой подобный памятник найден в 3 км к востоку от станции Май каин. Рисунки сделанные охрой, обнаружены в гроте Драверта у о. Жасыбай. Все они, к сожалению, еще не изучены, и определить их возраст очень сложно, возможно, некоторые из них сделаны в палеолитическое время, но в основном они относятся к более позднему времени [1, с. 18].

Мустьерская индустрия стоянок-мастерских Экибастуз XVIII, XX; Кудайколь, Акбидайык представлена отщепами и пластинами, скреблами и ножами на отщепе и пластинах. Остатки жилища верхнего палеолита были обнаружены на стоянке, выявленной в овраге на берегу р. Ертис в центре г. Павлодара. Найдены каменные отщепы и многочисленные остатки мамонтовой фауны, которые могли использоваться для строительства жилищ, как это было в других регионах Евразии [3, с. 15].

Памятники палеолита Павлодарской области являются уникальными свидетельствами раннего этапа развития

человечества. Они предоставляют важные данные о технологиях, быте и социальной организации древнего человека. Благодаря исследованиям археологов мы можем восстановить историю первых обитателей человечества. Сохранение памятников палеолита является приоритетной задачей, так как они представляют не только научную,

но и культурную ценность. Эти объекты помогают осознать важность защиты истории как основы идентичности народа. Развитие археологических исследований, создание музеев и популяризация знаний о палеолите Павлодарской области способствует сохранению культурного наследия для будущих поколений.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 Захаренко А. Л., Косаяков Б. К., Мерц В. К. История Павлодарского Прииртышья Учебное пособие / Под ред. А. Л. Захаренко – Павлодар : Государственный университет имени С. Торайгырова, 2003 – с. 133
- 2 Палеолит средней Азии и Казахстана Вишняцкий Л. Б. Санкт-Петербург, – 1996
- 3 Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан Павлодарская область. – Алматы : Аруна, – 2010 – 600 с.
4. Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. – Алматы : «Эверо», – 2003 – с. рус
5. АЛИЯСОВА, В. директор учебно-музейного комплекса ПГПИ/Гусиный перелет. // Звезда Прииртышья – 15 авг, – 2006

Т. В. МустафинаЛ. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Республика Казахстан, г. Астана**ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР
АЯСЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ
МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

Әлем бойынша цифрлы технологиялардың қарқынды дамуы қоғам болмысын трансформациялап, оның дәстүрлі даму жолына қатысты жаңа трендтерге ықпалын тигізуде. Технологиялық революцияның жасанды интеллект сынды соңғы жаңашылдығы қоғамның түрлі салаларына енгізіле келе, бүгінгі адам үшін көптеген жаңа мүмкіндіктер мен жаңа мәселелерді өзектендіріп отыр. Бастапқы кезде техника саласының жетістігі қазіргі кезде көпшілік қауымды толғандыруда негіз бар. Гуманитарлық сала зиялылары да бұл мәселелерге этиканың негізгі қағидаларының трансформациясы тұрғысынан алаңдаушылық білдіруді. Ұсынылып отырған мақалада көтерілген мәселелер аясындағы ғылыми дискурстар зерделеніп, трансформацияланған қоғамдағы заманауи адам үшін өзектілігі артып отырған негізгі этикалық дилеммалар талданған. Бұл дискурстар мен мәселелер технологиялық тұрғыда қарқынды даму үстіндегі қазақстандық қоғам үшін маңызды болып табылады.

Кілтті сөздер: қоғам, трансформация, жасанды интеллект, Қазақстан, жаңа мүмкіндіктер мен мәселелер, этикалық дилеммалар.

Кіріспе

Адамзат үшін әділетті қоғам идеясы әр заманда тартымды. Әсіресе, күрделі трансформациялар, дағдарыстар кезеңінде әділеттілік идеясының өзектілігі арта түседі. Адамзат тарихында теңдік, бауырластық, еркіндік сынды құндылықтарға негізделген қоғам құру бойынша әр түрлі жобалар әр түрлі деңгейде жүзеге асқандығына мысалдар жеткілікті. Бірақ іс жүзінде, керісінше, әділеттілік орнына, қиянат жасау басымдылықтары арта түскен мысалдар әлдеқайда көбірек. Мысалы, ХХ ғасырдың өзінде «жаңа қоғам» құру жобаларының қайғылы қасіреттері бүгінгі күнге дейін жазылмас дерт екені анық. Қазақстан үшін де ХХ ғасырда кеңестік идеология тұрғысынан әділетті қоғам құру идеясы таптар күресі, репрессиялардан басталып, саяси, экономикалық дағдарысқа дейінгі бірталай ауыртпалықтарымен айқындалды. Бұның бәрі Қазақстанның тарихы, кешегі болмысы.

Егеменді ел болу да бірден барлық мәселелердің шешілуін қамтамасыз

ете алмады. Тіпті, елімізде соңғы жылдары саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің ушығуы жүруде. Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамда наразылық әлеуетінің жоғарлылығын сарапшылар да, нақты орын алып жатқан үрдістер де көрсетіп отыр. Ресми тұрғыда әділетті қоғам құруға бағыт қабылданғанымен, іс жүзінде көптеген мәселелер шешімін әлі таппауда.

Қоғамдық пікірде әділетті қоғам құру деген саяси құзыретпен ғана өлшенетін мәселе еместігі туралы тиісті түсініктер қалыптасуы тиіс. «Еліміздің қазіргі даму кезеңінде қоғамның барлық салауатты күштерінің бірігуі қажет» [1, 9]. Яғни, бұл үдеріске билік субъектілерімен бірге отырып, азаматтық институттар, жеке тұлғалар ат салысуы қажет. Ол үшін дүниетанымдық бағдар, құндылықтар жүйесі қайта жүйеленуі маңызды.

Бүгін әлем мемлекеттерінде де, елімізде де ауыспалы, өзгермелі кезең жүріп жатқандығы белгілі. Ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелермен

қатар, әлемде цифрлы технологиялардың қарқынды даму үрдісі заманауи жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдерді қалыптастыруда. Өз кезегінде бұл үрдістер адам құндылығы, әлеуметтік теңдік-теңсіздік, қауіпсіздік, тәуелділік мәселелерін пәнаралық деңгейде ғылыми тұрғыда зерделеуді қажет етеді. Бұл зерттеулер мемлекетаралық ынтымақтастықта жүруі де маңызды. Себебі бүгінгі жаһандық әлемде шекаралар шигеріліп, оған цифрлы технологиялар да қолайлы мүмкіндіктерді ыңғайластыруда.

Адамзат тарихында шешуші кезеңдерде дамушы, жас, шағын мемлекеттердің әлемдік көшбасшылыққа өткендігі туралы мысалдар бар. Айталық, Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань сияқты мемлекеттерді сарапшылар «азиаттық тигрлер» деп атауында белгілі бір мән жатыр [2, 6]. Ғылыми-сарапшылық алаңда қазіргі кезде әлем елдері цифрландыру мен жасанды интеллект өнімдерін жарыса дамыту жолында Қазақстанның өз мүмкіндіктері бар екендігін қоғамның әр түрлі топ өкілдері мойындалуда. Әрине, технологиялық революция Қазақстанның жан-жақты дамуына зор мүмкіндік болып табылады. Дегенмен, цифрлы технологияларды дамыту, олардың соңғы үздік жемісі ретінде жасанды интеллектті (одан әрі – AI) қоғамның түрлі салаларына енгізу дер кезінде бұл «жаңа ойын» ережелерінің нақтылануына, қатаң қағидалардың бекітілуіне негізделуі керек. Дамыған, дамушы елдер мұның мән-жайын түсініп, бүгінде ынтымақтастықтың маңыздылығын жоғары бағалауда. Бірақ соғырлым бұл жаңа технологиялар жаңаша түрде күресу, соғысудың құралдарына да айналмай қоймайтындығы ғажап емес. Дер кезінде тиісті рефлексия орын алмаған жағдайда, бұған дейін де болған түрлі қақтығыстар, қайшылықтар одан әрі өрбіп, адамзаттың болашағына түбегейлі қауіп әкелуі мүмкін.

Қазіргі таңда адам мен AI-тің өзара әрекеттестігі әлі икемдеуге, регламенттелуге бейім. Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестің жолында бұрын ескерілмеген тәжірибеден бүгін сабақ алу қажет. Бүгінгі Қазақстан үшін жаңа технологияларды дамыту ішкі әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар, әлемдік алаңда алға шығуға деген зор мүмкіндікті тиісінше пайдалану маңызды.

AI цифрлық революцияның ерекше арнасы болып табылады. Ол экономика, қоғам өміріне тікелей ықпал етіп, ғылым мен инновация салаларында ерең еңбек етуді талап етеді. Технологиялық дамуды енді тоқтату мүмкін еместігі тағы анық. Бүгін біз цифрландыру мен AI интеграциясы әлемнің қозғаушы күшіне айналып отырған кезеңде өмір сүрудеміз. AI адам мүддесіне жұмыс жасайды ма, әлде адам жасанды интеллект құрбанына айналады ма деген этикалық дилемма бүгін жан-жақты талқылануда. Бұл орынды да қажетті үрдіс деген ойдамыз.

Бұл зерттеудің мақсаты жаңа технологиялар, оның ішінде AI ықпалы алдағы кезде қоғамның қандай даму стратегияларын бағамдауға әкелетіндігі, ертеңгі қоғамның құндылықтар жүйесі қалай трансформацияланатындығы туралы ғылыми дискурстарды сараптауға бағытталған. Аталмыш мақсатқа жету жолында ғылыми көзқарастарды жіктеп, негізгі мәселелер талданады.

Зерттеу әдіснамасы

Ұсынылып отырған мақалада отандық және шетелдік зерттеушілердің соңғы цифрлы технологиялардың жемісі AI-тің адам мен оның құндылықтар жүйесінің трансформациясына ықпалы туралы дискурстары жан-жақты талданып, негізгі мәселелері іріктеліп зерделенді. Арнайы халықаралық ұйымдар тарапынан әзірленген AI-пен жұмыс жасау бойынша құжаттарға герменевтикалық талдау жүзеге асырылды. Мақалада жіктеу, салыстыру, талдау әдістері қолданылды. Қоғам трансформациясын зерделеу мысалдары Қазақстанның даму мүмкіндіктеріне қатысты проекциялау тұрғысынан қарастырылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Адамзаттың болашағы туралы дискуссиялар қоғамды әр заманда толғандыратыны белгілі. Бүгінде бұл тақырыптың өзектілігі зиялы қауымның ерекше назарында. Ғылыми жаңалықтар мен технологиялардың қарқынды дамуы қоғамдық өмірдің барлық салаларына айтарлықтай әсер етуде. Технологиялардың заманауи шарықтауы AI өнімдерінің әр түрлі салаларға енгізілуінде көрініс тауып отыр. Бұл өзгерістердің жағымды да жағымсыз көріністері мен салдары жалпы қоғамды толғандыруда. Ортада жаңа технологиялар көпшілікке қаншалықты

тартымды болса, соншалықты AI-ті бір құбыжық ретінде көрсетуге бағытталған дискурстар жеткілікті.

Бүгінде AI-тің адамзат қоғамын басып алып жатқандығы, адамдардың AI-тен жеңілгендігі туралы айту әлі ерте. Бастысы, адам техникалық жүйелердің агентіне айналып кетпеуі тиіс. Егер осындай кибернетизацияланған қоғам қалыптасса, онда, әрине, кеш болуы да ықтимал.

Зиялы қауым бұл мәселелердің түпкі мәнін, мүмкін салдарын терең зерделеуге тырысуда. AI-тің қоғамға, оның өзгерістеріне қатысты ғылыми сын-пікірлерді сараптай келе, оларды келесідей жіктеуге болады.

Бірінші позитивтік ұстанымдарға сәйкес AI бүгін және алдағы уақытта қоғам дамуына оңтайлы әсер етіп, өмірді жеңілдетуге тікелей жәрдемдеседі. Адамдар күнделікті біртекті жұмысты орындаудан қолдары босап, жан-жақты ізденуге, дамуға көбірек мүмкіндікке қол жеткізеді деген үміт орын алады [3]. Сонымен, позитивтік дискурстарға сәйкес көзі ашық, білімді, қабілетті адамдар мықты қоғам құрады, оның дамуына белсене ат салысатын болады.

Керісінше, басқа сарапшылардың пікірінше, бүгінгі цифрлы технологиялар қоғамдағы теңсіздікті одан әрі өрбітуде [4]. Тіпті билік органдары жасанды интеллектіге жүгіне отырып, азаматтарға тотальді бақылау жүргізе алатындығын, адамдардың еркіндіктері шектеліп, құқықтары бұзылатындығына назар аударады. Бұл пікірдегі сарапшыларды AI алгоритмдерінің шаблон арқылы жұмыс жасап, әр түрлі қоғамдарда қалыптасқан әлеуметтік-мәдени нормалар мен құндылықтарды ескере алмайтындығы алаңдатуда.

Мұндай ұстанымға қатысты сыңи көзқарастардың ішінде Л. Мемфордтың пікіріне назар аударуға болады. Зерттеуші технократтық әлемдегі адамның «person-organization» деген бейнесін ұсынады. «Бұл тұрғыда адам өзі жаратылған дүние, өзі жаратушы, өзі Мегамашина құрбаны болып табылады» [5]. Оның ойынша алдағы уақытта адам жаһандық жүйенің бір құрамдас бөлігіне айналып, өздігінен адами құндылығынан айырылады. Технологиялар адамнан құнды болып, адамның өзі болса, өнім өндіру құралына айналады.

Тағы бір дискурстарда кез келген технологиялар табиғатынан нейтралды екендігі айтылады [6]. Яғни, мәселе адамның өзінде. Егер адам технологияны теріс пиғылда қолданса, ол, сәйкесінше, қоғамға зардап әкеледі. Ал, егер белгілі бір технологияны қоғам өмірін жақсарту үшін қолданса, оның нәтижесі, тиісінше оң болады. Сондықтан, бүгінде эмоцияға салынып, технологиялардан қорқу, одан үркітудің қажет жоқ деген ой жатыр.

Келесі бір дискурстарда AI адамдардың сана-сезімдеріне манипуляциялар жүргізуге және адамдардың таңдауын тиісінше өзгертуге қауіпкерлік екендігі айтылады. Тіпті бұны растайтын зерттеулер келтіріледі [7]. Арнайы эксперименттер барысында AI адамдардың жасаған таңдауларына фиксация жасап, олардың келесі таңдауларына ықпалдасады екен.

Осы сынды дискурстарды ары қарай жіктей беруге немесе топтастырып біріктіруге болады. Бірақ анығы: бүгінгі әлем этикалық, коммуникациялық, субстанционалдық негіз, форма тұрғысынан түбегейлі өзгеріп, жаңа сың-тегеуріндерді, жаңа тәуекелдерді кешуде. Бүгін біз кешіп отырған сан алуан мәселелердің ішінде жаңа технологиялық революцияны қалай қабылдап, қалай түсініп, қалай түсіндіретіндігіміз күн тәртібіндегі өзекті сұрақтардың бірі. Өйткені бұл үдеріс адамзат трансформациясына ықпал етуде [8; 9].

Сонымен, AI адамның ойлау қабілеттерін модельдеу және механикаландыру тәжірибесінен қалыптасып, содан бері бұл үдерістермен тығыз байланыста дамып келеді. «Жасанды интеллект» ұғымының ғылыми қолданысына келетін болсақ, 1956 жылы Дартмут университетінде зерттеуші Джон Маккартни ғылыми семинарында алғаш қолданғандығы белгілі [10, 9]. Бұл ұғымды зерттеуші компьютерлік бағдарламалардың құрылымын түсіну және түсіндіру үшін қолданысқа енгізген. Бүгінде AI саясат, экономика, білім, ғылым сынды қоғамның барлық салаларына елеулі әсер етіп отырған инновациялық салалардың бірі екендігі анық. Жаһандық цифрландыру барысында мемлекеттер, қауымдастықтар арасындағы шекаралар шигеріліп, ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер кеңее түсуде.

Көптеген мемлекеттерде AI мүмкіндіктері күнделікті өмірде қолданыс тауып жүр. Қолдану мүмкіндіктері ретінде

смартфондардағы жеке көмекшілер, азаматтарға түрлі қолдау көрсету қызметтері бойынша чат-боттар, ойын-сауық саласындағы ұсыныстар, мүмкін қылмыстардың алдын алу, адамның бет-әлпетін тану, медициналық диагноздарды қою сияқты кең ауқымдағы тізбекті жалғастыра беруге болады. Іс жүзінде AI-ті біз банк, құрылыс, көлік, т.с.с. салалардың қызметінде күнделікті қолданып жүрміз. Индустрия 4.0 жетістіктерінің тізіміндегі автономды көлік құралдары, 3D-баспасы, био- және нанотехнологиялар, робототехника мен кванттық есептеулердің барлығы AI негізінде жұмыс жасайды.

Сонымен, Интернет тұрғысында адам мен AI қарым-қатынастары виртуалды қауымдастықтар аясында жаңа деңгейге өтуде. Жаңа «өмір сүру ортасы» қалыптасып келеді. Зерттеушілер оны инфосала деп атауды ұсынады [11]. Жаңа инфосала құрылымында әлем картинасы модификацияланып, болмыстың жаңа ақпараттық моделі жүйеленуде. Техносала, жаһандық интеграциялық үдерістер, жаңа ақпараттық кеңістік, AI сынды қазіргі заманның жаңашылдықтары адамның күнделікті өмір сүру бейнесін түбегейлі өзгертіп келеді. Олай болса, қазір және алдағы жақын арада адамдарды толығымен компьютерлік сауаттылыққа бейімдеуді жүзеге асырылу керек. Бұл, әрине, психологиялық бейімдеумен қатар жүретін үдеріс. Халықты жаппай компьютерлік сауаттылыққа бейімдеу қоғамның рухани саласына, ойлау жүйесіне, өмір сүру қалпына елеулі әсер ететіндігі сөзсіз.

Кейбір зерттеушілер адам мен жаңа технологиялардың трансформациясында AI деген ұғымнан гөрі «қосымша интеллект» концептісін қолдануды ұсынады [11, 16]. Себебі, жүйе үшін деректерді жинастыратын адамның өзі және алгоритмдерді жазатын тағы да тірі жанды мамандар. Мысалы, бүгінде компьютер шахмат ойынында адамды тез жеңіп ала алғандығына қарамастан, адам мен компьютердің бірігіп жұмыс жасауында олардың жеке-жеке қызметінен әлдеқайда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады. Жарыстарда AI қолданған әуесқой шахматшылар компьютерді де, гроссмейстрді де жеңіп алғандығы туралы мысалдар бар [12]. Мұны AI-ті жеке адам, тұлға деп қабылдамай, адамның мүмкіндіктері кеңейі деп ұйғаруға болады.

Сонымен, қосымша интеллектке өту адамның танымдық мүмкіндіктерін кеңейтіп толықтыратын, адам мен AI біріккен жұмысының тиімділігін арттыратын әдістерді ұйғаратын технологияларды әзірлеуге негізделуі керек. Мұндай тұрғыда адам мен машина міндеттерінің ара-жігін ашып, әлемдік мәселелерді жасанды және ұжымдық интеллекттің ақылға қонымды комбинациясы арқылы шешуге болатындығына үміттенуге болады [13]. Машиналық оқыту технологиялары дамыған сайын технологияларды жасаушы адам мен технология жемісі ретінде AI арасындағы қарым-қатынастардың күннен-күнге күрделенуін мойындатты. Сәйкесінше, жаңа тәуекелдердің орын алып отыруы, сөзсіз, бүгінгі қоғам трансформациясының өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі кезде осы өзгерістер нәтижесінде этика феномені трансформациялануда. Егер бұрынғы кезде этикалық қарым-қатынастар шеңберінде адам мен адам қарым-қатынастары ұйғарылса, қазіргі кезде бұл қарым-қатынастарға AI кірігіп отыр. Кейбір мәселелерде AI объект ретінде ғана емес, этикалық қарым-қатынастар субъектісіне де айналып отыр. Кейбір зерттеушілер бұл үрдістерде адам этикалық антропоцентризмнен бас тартуы тиіс пе деген мәселелерді көтереді [11]. Бұл арада антропоцентризмнен бас тарту емес, жүріп жатқан үрдістерді қайта бағамдау қажеттілігіне назар аудару керек. Күнделікті өмір сүру барысына интеллектуалды жүйелер әсер етіп, көптеген жұмыс түрлерін жүзеге асыруда роботтар адамдарды алмастыруға ықтимал. Әсіресе, бұл экстремалды жағдайда, табиғат апаттары барысындағы әрекеттерге қатысты болуы мүмкін. Айталық, температурасы тым жоғары немесе тым төмен, оттегі, жарық жетіспейтін ортада робототехника жұмыс жасай бере алады. Тіпті, кейбір елді мекендердің инфрақұрылымына кедергі тигізбес үшін жер асты ғимараттарды салуға болады.

Роботизация мен технитизацияның адам өміріне ұсына алатын қолайлықтары жеткілікті. Дегенмен, зерттеушілер, бұл үрдістердің адам өміріне ыңғайлылықтармен қатар жаңа қауіп-қатерлерді әкелу мүмкіндігін ескертеді. Қауіп-қатерлер жауапкершілік мәселесімен байланысты. Дабыл қағушылардың пікірінше адамдар бірте-бірте AI-ке

жауапкершілік артып қоюы ықтимал. Ал, жүйелер машина арқылы жұмыс жасағандықтан, бәрібір кейбір кездерде істен шығып кетуі мүмкін. Ондай жағдайда, AI адамдар үшін қолайсыз, тіпті қауіпті шешімдер қабылдап қоюы да мүмкін [4].

Бұл мәселелер көпшілік қауымды ғана алаңдатып қоймай, кәсіби деңгейде әлем зиялылары соңғы жылдары бұл жайттарды ғылыми тұрғыда зерделеуде. 2017 жылы АҚШ-та алғаш рет өткен Асиломар конференциясында AI-пен жұмыс істеудің негізгі қағидалары талқыланып, ортақ ережелер қабылдау туралы үндеулер ұсынылды [14]. Олардың негізгі мазмұны AI-ті адамның өмірін жақсарту, жеңілдету үшін ғана дамытуға ғана жұмыс жасауы тиіс дегенге негізделді.

Осындай сияқты күрделі сұрақтарға жауап беріп, алдағы мәселелердің алдын алу мақсатында 2019 жылы ЮНЕСКО мен Қытай халық Республикасының Үкіметі бастамасымен «Жасанды интеллект дәуірінде білім беруді жоспарлау: технологиялық дамудың бағдарын анықтау» тақырыбындағы халықаралық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға 50 ден астам мемлекеттердің министрлері, БҰҰ-на кіретін 100-ден мемлекеттерден, халықаралық мекемелер, ғылыми-зерттеу институттар, азаматтық және жеке сектор салаларының өкілдері қатысты. Конференция жұмысының резолюциясы ретінде «Жасанды интеллект пен білім саласы бойынша пекиндік консенсус» құжаты қабылданды [15]. Аталмыш құжат шеңберінде жоғарыдағы мәселелер бойынша халықаралық пікірлер зерделеніп, ұсыныс ретінде ортақ қағидалар жүйеленді. Қабылданған ережелер көпшіліктің эмоционалды пікірлеріне емес, соңғы кезде жүргізілген нақты зерттеулер нәтижелерінен келіп қалыптасты.

Арнайы зерттеулер нәтижелеріне сәйкес 2030 жылға қарай қоғамдық қызметтердің 30%-ына жуығы автоматтандырылады. Бұл өзгеріс әлем бойынша шамамен 375 миллион жұмыскерлерге әсерін тигізеді [10, 16]. Ауыр жұмыстарды жүзеге асырушылармен қатар, «ақ жағалы қызметкерлер» де зардап шегуі ықтимал. AI қарапайым логика және алгебраға негізделген дағдыларды игеруге негізделген қызметтерді тез арада

өзі атқарып кетуі мүмкін. Керісінше, AI үшін қиындық туғызатын мамандықтар терең ойланумен байланысты дағдыларға негізделеді [10, 17]. Яғни, көптеген адамдар қайта даярлаудан өту керек. Бір адамның өмір сүруі барысында бірнеше мамандықты ауыстыруы қалыпты жағдайға айналады.

2023 жылдың сәуірінде IBM компьютерлік индустрия компаниясының «Жасанды интеллект басқаратын автоматтандырылған әлемдегі кеңейтілген жұмыс» тақырыбындағы есебі жарияланды. Бұл құжат AI-тің жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық үрдістеріне сандық және сапалық әсер ету бойынша ақпаратты жүйелеген есеп деп санауға болады. IBM компаниясының деректері бойынша AI дамуы шырқау шыңына жетіп отыр. Ары қарай AI даму үрдістері одан әрі ілгерілейді [16]. Аталмыш есепте келесідей ойға назар аударған жөн. Зерттеушілер «AI адамдарды алмастыра алмайды.. Жасанды интеллектпен жұмыс жасайтын адамдар жаңа технологиялармен жұмыс жасай алмайтындарды немесе мұны қаламайтындарды алмастырады» деп жазады [16].

Сонымен, AI дамытуда адамның сыңи ролі көп жағдайда тиісінше бағаланбай келеді. Әдетте нақты адамдар көп уақытын мәселені тұжырымдауға жұмсайды, сұрақтарды құрастырады, мәліметтерді өңдейді, белгілі бір алгоритмдерді ойлап шығарады немесе таңдайды, жүйенің бөліктері бір-бірімен қалай үйлесетіндігін анықтайды, қол жеткізілген нәтижелерге сәйкес шешімдер шығарып, бағалайды, пайымдайды [17]. Сәйкесінше, көптеген жұмыстарды автоматтандыруға болғанымен, адамның ролі ерекше. Олай болса, бүгін технологияларды тұтынушы ретінде адам өзінің сол ерекше ролін сақтап қалуға өзі жауапты.

Пол Доэрти және Джеймс Уилсон зерттеушілері жасанды интеллекттің дамуын қоғамда жұмыссыздықты ғана өршітетін қауіп ретінде ғана қарастырмай, қоғам салаларының трансформациялану мүмкіндіктері ретінде қарастыруды ұсынады [3]. Олардың пікірінше, AI еңбек нарығына сапалық емес, сандық тұрғыда әсер етеді. Зерттеушілер адамдардың және машиналардың өздеріне тән күшті және әлсіз жақтары бар екендігіне назар аудартады. Егер машиналар адамдарға

қарағанда үлкен көлемдегі біріңғай жұмыстарды тезірек орындай алса, көптеген ақпараттарды өңдеуде оперативті болғанымен, адам – креативті жан иесісі, оған шығармашылық ойлау, әлеуметтік дағдыларға бейімділік және көшбасшылық қасиеттер тән.

Жасанды интеллекттің болашағы туралы дискурстарда заманауи танымал лингвист-ғалым Наом Хомскийдің көзқарасында да позитивті ұстанымдар басымырақ. Оның ойынша, AI еш уақытта адаммен шынайы бәсекелестікке түсе алмайды. «Адамның ақыл-ойы ChatGPT және оған ұқсас AI сияқты, жүздеген терабайт деректерді сіңіретін және ең ықтимал сөйлесу жауабын экстраполяциялайтын үлгіге сәйкес келетін ыңғайсыз статистикалық механизм емес», - деп түсіндіреді Хомский. «Керісінше, адамның ақыл-ойы таңқаларлық тиімді және тіпті талғампаз жүйе болып табылады, ол аз мөлшердегі ақпаратпен де жұмыс істей алады. Ол деректер нүктелері арасындағы өрескел корреляцияны емес, түсініктеме жасауды мақсат етеді» [18].

Бұл заманауи үрдістер туралы танымал қазақстандық философ Жабайхан Абдильдин адамның ойлау қабілеттері тұрғысынан келесідей ойларымен бөліседі: «Ойлау деген – адам миының қарапайым қызметі ғана емес, ойлау дегенді адами іс-әрекеттің, адамзат мәдениетінің негізгі қызметі мен формасы деп түсінген жөн. Яғни, ойлау адами іс-әрекеттің формасы бола тұра, шығармашылық тұрғыда өзгермелі, үнемі даму барысындағы үдеріс. Сондықтан да ешқандай машиналар, роботтар адамша, яғни, шығармашылық тұрғыда ойлануды алмастыра алмайды» [19]. Осылайша, Жабайхан Мұбаракұлы технологиялар даму заманында адамның құнсыздануы, жұмыссыздық қауіптеріне қатысты былайша пікір білдіреді: «Бүгін адам машинаға ақылмен ойлау, шаблонды, трафаретті ойлану қабілеттерін үйлестіруде. Егер машина логикалық тұрғыда ойлана алып, бір ойлау жүйесіне құрылған бағытпен жүретін болса, адами ойлау қарапайым логикалық ойлаудан жоғары, әр түрлі деңгейлерді қатар іліп алатындай жұмыс жасайды. Басқаша айтқанда, қазіргі кездегі ойлану мазмұны жағынан кең, ғылым мен өмірдегі көкейкесті қарама-қайшылықтарды шешуге дәрменді. Өз кезінде осы сияқты

өзгерістер ғылымдағы революциялар, айталық, жаратылыстану саласындағы жаңашылдықтар, кванттық механикадағы ашулар барысында жүзеге асырылған. Адамның ойлау қабілеті үнемі даму үстінде. Бір деңгейден екінші деңгейге, бір парадигмадан екінші парадигмаға өтеді. Логиканың бір түрінен келесі түріне ауысады. Бүгінгі күннің маңызды мәселесі – жаңа логикаға бейімделе алу. Ол арқылы адам жаңа қайшылықтарды шешуге қабілетті болуы тиіс» [19].

Расында, машиналар деректермен байланысты оқытуларды адамдарға қарағанда күштірек жүзеге асырады. Ал, адам бұрынғысынша эмпатияға негізделген, шығармашылық ойлауды талап ететін күрделі мәтіндермен күштірек жұмыс жасай алады. Олай болса, бүгінгі таңда адам өзінің құндылығын, тиімділігін сақтау үшін еске сақтау мен есептеуге негізделген дағдылардан гөрі сыни ойлау, шығармашылық серіктестік сияқты қабілеттерді дамытатын білім жүйесі дамытылуы тиіс.

AI мүмкіндіктері қоғамдағы көптеген әлеуметтік, экономикалық, т.б. мәселелерді шешуге жағымды ықпалын тигізе отырып, көптеген жаңа тәуекелдер мен мәселелердің орын алуына негіз болып жатқаны белгілі. Негізгі үрей AI-тің адамдардан күштірек болып кетіп, қоғамды басып алу қаупімен байланысты болғанымен, күн тәртібіндегі мәселелер AI қолдануымен қалыптасатын әлеуметтік және этикалық мәселелерге негізделеді. Бірнеше өзекті мәселелерді жеке-жеке талдап көрейік.

«Жарқын болашақ үшін жұмыс: еңбек саласының болашағы бойынша жаһандық комиссия» деген есептік құжатта алдағы уақытта еңбек саласын жетілдіретін сан алуан мүмкіндіктер қалыптасатындығы жазылған [10, 28]. Ол мүмкіндіктер таңдау еркіндігі, гендерлік алшақтықты, жалпы теңсіздікті болдыратын негативті салдарды жоюға байланысты екендігі мәлімденеді. Еңбек нарығы мен оның өзгерісі аясында дискурсты ары қарай дамытатын болсақ, жаңа технологиялар көптеген салаларды өзгертетіндігі жаңалық емес. Қазірде көптеген мемлекеттерде AI-ке стандартталған күнделікті жұмыс жүктелген. Бұл арада жұмыс орындары үшін тиімділік коэффициенті артып, кейбір қызметтер қысқартылып жатыр. Кейбір

әлемдік консалтинг компанияларының зерттеулеріне сәйкес AI көптеген жаңа жұмыс орындарының пайда болуына негіз болып, жалпы экономикалық дамуға жағымды әсер етеді [10, 35]. Бірақ әр түрлі зерттеулерде қанша мамандықтар шигеріліп, қанша жаңа мамандықтар пайда болатындығы туралы деректер жоқ. AI мүмкіндіктері мен тәуекелдері бүкіл қоғам болып бірге зерделенуі қажет. Бұл өзгерістердің кімге қандай пайда әкеліп, кімнің қаншалықты ұтылатындығын ғылыми тұрғыда есептеу керек.

Ұзақ мерзімді нәтижелер қандай болуына қарамастан жұмыспен қамтылу мәселесі айтарлықтай өзгереді [20]. AI еңбек нарығына енуі азаматтардың жұмыспен қамтылу мүмкіндіктеріне тікелей әсер етеді. Ал жұмыссыздық мәселелері экономикалық дағдарыс, артынша әлеуметтік шиеленістерге әкеліп соғуы ықтимал. Жұмыссыз қалған, сәйкесінше, күн көру мүмкіндіктері шигерілген адамдарда, қоғам топтарында наразылық көңіл-күйдің, тиісінше қарсыластық әрекеттерінің көрініс беруі әбден мүмкін. Орта, кәсіби, жоғарғы білім беру деңгейінде бұл мәселелер назарға алынып, білім, ғылым салаларында жаңа технологиялар тәуекелдері ескеріліп жатыр. Елімізде де бұл мәселелер дер кезінде қолға алынуда [21].

Жаңа технологиялармен жұмыс жасай алатындар мен жасай алмайтындар арасындағы алшақтық арта беріп, дегенмен, көптеген адамдар еңбек нарығынан шеттетілетіні белгілі. Зерттеушілердің пікірінше, ол орта тапқа көбірек әсер етеді [10, 30]. Жас буын бұл өзгерістерді тезірек қабылдап, тезірек бейімделе алады. Бірақ адамның орта жасы ұзарып, зейнетке шығу жасының өзгерістерін есепке алсақ, жұмыссыздық мәселелері, әсіресе, қоғамның жоғарғы жастағы азаматтарына ауыр тиюы мүмкін. Демек, мәселе арнайы білім қажеттілігімен байланысты. Жоғарғы технологиялармен екінші бірі жұмыс жасай ала бермейтіндігі мәлім. AI-пен жұмыс жасау үшін арнайы квалификациялық біліктілік талап етіледі. Мемлекет үшін қоғамның әр түрлі салаларында жұмыс істеушілерді қайта оқытып, олардың болашақта жұмыссыз қалып қоюының алдын алу керек.

Келесі назар аударарлық жайт этикалық дилемалармен байланысты.

AI қоғамға теріс ықпалын тигізбес үшін бүгін этикалық нормалар мен стандарттар мәселесі талқыланып, жүйеленуі тиіс. Өзекті бір мәселе ретінде AI алгоритмдеріндегі әдейі немесе байқаусыздағы біржақтылық деп жіктеуге болады. Шын мәнінде, қоғамдық өмірде көптеген салалардың автоматтандырылуы алгоритмдердің маңыздылығын арттырып келеді. Мысалы, зерттеушілер алгоритмдер адамдардың пікірлеріне, қабылдаған шешімдеріне әсер етуі мүмкін деген ойларына дәлелдер келтіреді [22]. Алгоритмдер адамның жұмысқа орналасу мен тіпті заң бұзған тұлғаға жазасын өтеуге қатысты шешімдерді қабылдауға дейінгі салаларда қолданылады. Олай болса, алгоритмдер толықтай нейтралды емес екен. Яғни, адамның жыныс, жас, нәсіл ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, табыстардың әртүрлілігі сияқты мәселелерге қатысты кез келген біржақты талдау жеке адамдардың құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Келесі бір назар аударарлық мәселе қауіпсіздік пен деректер құпиялылығымен байланысты. AI шеңберінде адамдардың жеке мәліметтерімен жүйелі жұмыс жасайтындығы белгілі. Деректердің ауқымды көлемін жинау және сақтау деректерді қорғау мен пайдалануға қатысты орынды алаңдатушылықтарды тудыратыны белгілі. Сондықтан, бұл арада азаматтардың жеке мәліметтерінің бей-берекет қолдану тәуекелдерін ескеру қажет. Мысалы, бизнес саласының өкілдері жеке мәліметтерді коммерциялық мақсаттарда пайдалануы мүмкін. Келісім беру мәселесіне назар аударсақ, мысалы, жасөспірімдер кәмелет жасқа толмай өздері туралы деректерді пайдалануға келісім бере алады ма?

AI жүйесінде ауқымды жеке деректердің жинақталуы адамның жеке өмірін бақылауға қолданылатындығы туралы да алаңдатушылықтардың негізі бар. Бұл туралы тіпті «электронды бақылау» деген ұғым қолданылып жүр [10, 25]. Жеке мәліметтер кімге тиесілі? Жеке мәліметтерді кім қолданады? Құпиялылық және жария етпеу талаптары қалай жүзеге асырылады? Деректерді қалай талдау, түсіндіру және беру керек? Бүгінде әлем мемлекеттерінің үштен бірінде ғана жеке мәліметтерді қорғау туралы мәселелер заңдастырылғанын ескеру керек. Қарап отырсақ, барлық

адамдар үшін жеке мәліметтерінің заңсыз қолданылу қауіптері бар.

Кез келген мәліметтер адамның өз келісімімен ғана қолданылуы тиіс. Бірақ көп жағдайда, интернет жүйесінде адамдар әр түрлі сайттарды шарлауда келісім сұралатын белгілерді түртіп, өздері соңына дейін түсінбей, келісім беріп жатады. Сондықтан да қоғамның әр түрлі топтары арасында цифрлық сауаттылықты дамытуды қолға алу керек. Бұны мемлекеттер өз ішінде және мемлекет аралық деңгейде жүзеге асыру қажет. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету сонда ғана мүмкін болады.

Сонымен, AI және басқа да озық технологиялар бірегей шығармашылық және аналитикалық қабілеттер мен адамдардың өзара әрекеттесуін талап ететін жоғары біліктілікті мамандықтар спектрін кеңейтуде. Яғни, көптеген жұмыс орындары қысқартылуы мүмкін. Қысқартылған жұмыс орындарының қызметкерлеріне біліктілікті жоғарлататын немесе AI дамуымен пайда болған жаңа біліктілікке негізделген мамандықтарды игеру дағдыларына бейімделу керек болады. Білім беру саласын реттейтін құзырлы органдар мұны дер кезінде ескеріп, бүгінгі қызметкерлерді керекті техникалық және әлеуметтік кәсіби дағдыларға бейімдеп, алдағы кезде әлеуметтік-экономикалық шиеленістердің алдын алу мақсатында қоғамды жаңа мамандықтарға бейімдеу қажет. Сонда AI үстемдік ететін жаңа қоғамға өту неғұрлым байсалды жүріп, әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға мүмкіндіктер қалыптасады.

Қорытынды

Бүгінгі жаһандық үдеріспен ілісе отырып, елімізде жүріп жатқан трансформациялардың қоғамға жаңа сапалы өзгерістер әкелуі күтілуде. Бірақ жаңа технологияларды дамытуда еліміз үшін де адам мен AI арасындағы қарым-қатынастарындағы өзекті деген мәселелердің ресми, заңнамалық, ғылыми регламенттелуі алдағы кезде қоғамда жаңа қайшылықтардың, қауіп-қатерлердің алдын алуға септігін тигізеді. Аталмыш өзекті мәселелерді қорытындылап жіктейтін болсақ, келесідей түйіндер ұсынылады:

- Әр түрлі жас ерекшеліктеріндегі адамдардың жеке мәліметтерін

жинақтау мен қолдану аясында этикалық шектеулерді анықтау мен жаңартуда қандай критерийлерге жүгіну керек?

- Адамдар олардың жеке мәліметтерін жинақтау мен қолдануға қалай, қаншалықты деңгейде қарысылық білдіре алады?

- AI негізінде қабылданған шешімдердің этикалық салдары бойынша жауапкершілік кімге артылады?

- AI-ті дамытып жатқан жеке сала өкілдерінің этикалық міндеттері қалай регламенттеледі?

